**«Балауса» мектепке дейінгі ұйымы.**

БЕКІТЕМІН:

«Балауса» мектепке дейінгі ұйым

басшысы м.а

Ахметова Л.М

# «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары.

**«Балауса» МДҰ әдіскері:** Басарова Гаухар Амантайқызы

**2023-2024 оқу жылы**

**Кешенді жоспардың нұсқаулығы.**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.
Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін:

1) ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

2) халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

3) әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;

2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3) жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4) денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5) тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

1) Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

2) Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

3) ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

4) қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

5) Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

6) қоғам игілігі үшін қызмет ету;

7) Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
8) ұлттық мәдениетті дәріптеу.

**Күтілетін нәтижесі:**

1) отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
2) мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
3) елінің тарихын құрметтейді;
4) ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
5) құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

**Ар-ұят құндылығы:**

1) академиялық адалдық қағидатын қолдау;
2) адал еңбекті құрметтеу;
3) сөзіне берік, ісіне адал болу;
4) халқына адал қызмет ету
5) әдеп нормаларын ұстану;
6) шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
7) достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу мейірімділік таныту;
8) өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

1) ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
2) сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
3) ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
4) достарын, сыныптастарын сыйлайды;
5) кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

**Талап құндылығы:**

1) сыни және креативті ойлау;
2) жеке және командамен жұмыс істей білу;
3) білуге, жаңаны тануға құштар болу;
4) физикалық белсенді болу;
5) салауатты өмір салтын ұстану;
6) технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
7) дұрыс қарым-қатынас орната білу;
8) уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

1) жан мен тән тазалығын сақтайды;
2) дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
3) қоршаған орта тазалығын сақтайды;
4) ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
5) ізденімпаз, жасампаз тұлға.

| № | Іс шараның атауы | Мерзімі | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан)**

**Қыркүйек «Білім айы»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Менің балабақшам» | Қыркүйек айы 2023 жыл | Тәрбие сағаттары ересек топтармен | Білім күніне арналған тәрбие сағаттары | Тәрбиешілер |
| 2 | «Қазақыстан Республикасының халықтарының тілдер күні» «Ана тілің арың бұл Өз тіліңді құрметте» | Қыркүйек айы 2023 жыл | Барлық топтар арасында мәдени іс шаралар «Тілдер сайысы» | Қазақыстан халқының тілдер күніне арналған мәдени іс шаралар, сайыстар. | Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері. Музыка жетекшісі |
| 3 | Отбасы күніне арналған іс шаралар «Менің отбасым» тақырыбында» «Менің отбасымдағы бір күнім» тақырыбында | Қыркүйек айы 2023 жыл | Сурет байқауы ортаңғы топтар Ересек топтар арасында бейнеролик жасау,дайындау. | Отбасы күніне арналған байқаулар, түрлі мәдени іс шаралар | Әдіскер Ортаңғы ,ересек топтарының тәрбиешілері. Музыка жетекшісі |

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан)**

**Қазан «Алаш азаматтарын ұлықтау айы»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | «Халықаралық қарттар күні» «5 Қазан мұғалімдер күні» «25 Қазан Республика күні» | Қазан айы 2023 жыл | Құттықтау бұрышын дайындау Барлық топтырмен ертеңгілік | Мерекелік ертегіліктер түрлі мәдени іс шаралар | Әдіскер Ортаңғы ,ересек топтарының тәрбиешілері. Музыка жетекшісі |
| 5 | «Шынықсаң шымыр боларсың» | Қазан айы 2023 жыл | Спорттық сайыс педагог мамандермен | Спорттық сайыс, түрлі мәдени іс шаралар | Әдіскер тәрбиешілер Дене шынықтыру нұсқаушысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Берекелі алтын күз»** | Қазан айы 2023 жыл | «Ертеңгіліктер апталығы» Барлық топтар арасында | Түрлі сайыстар мен мерекелік іс шаралар | Меңгеруші Әдіскер барлық топ тәрбиешілері |

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан)**

**Қараша «Поэзия айы»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | **«Балаларға базарлық» мобильді кітапхана бұрышы** | Қараша айы 2023 жыл | «ең үздік» мобильді кітапхана байқауы барлық топтар арасында | Мобильді кітапхана кітап бұрышы | Меңгеруші Әдіскер ортаңғы, ересек топ тәрбиешілері |
| | **Спорттық сайыс «Мен спортшы боламын»** | Қараша айы 2023 жыл | Ортаңғы, ересек топтар арасында спорттық сайыс | Мерекелік, спорттық іс шаралар | Әдіскер ортаңғы, ересек топ тәрбиешілері Дене шынықтыру Нұсқаушысы |

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан)**

**Желтоқсан «Қазақыстан – Ұлы дала елі»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | **Ұлттық ойындар апталығы**<br><br>**Әжелер мектебі**<br>**Аналар мектебі**<br>**Әкелер мектебі** | Желтоқсан 2023 жыл | Ұлттық ойындар апталығы барлық топтар арасында | Түрлі сайыстар мен мерекелік іс шаралар | Меңгеруші Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері |
| 9 | **16 Желтоқсан Қазақыстан Республикасының «Тәуелсіздік күні»** | Желтоқсан 2023 жыл | Қол өнер. Сурет көрмесін ұйымдастыру барлық топтар арасында | Көрме ұйымдастыру | Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері |
| 10 | **«Тәуелсіздік Тұғырым»** | Желтоқсан 2023 жыл | Мерекелік іс шара барлық топтар арасында | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Меңгеруші Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Қош келдің жаңа жыл төрімізге»** | Желтоқсан 2023 жыл | Ертеңгілік барлық топтар арсында | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Меңгеруші Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері |

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан**

**Қаңтар айы «Ұлттық код айы»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | **Педагогтардың театырландырылған іс әрекеті «Ертегілер әлемінде»**<br><br>**Аналар мектебі:** | Қаңтар айы 2024 | Сюжетті рөлдік ойындар «Ертегілер апталығы» | Педагогтардың шығармашылық шеберліктерін шыңдау Ертегі кейіпкерлерін сюжетті рөлдік ойындарда сомдау | Меңгеруші Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері |
| 13 | **Ұлттық ойындар Әкелер мектебі** | Қаңтар айы 2024 | Ұлттық ойындар сайысы барлық топ бойынша әкелер сайысы | Ата аналар | Меңгеруші Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері Дене шынықтыру нұсқаушысы |

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан**

**Ақпан «Оқуға құштарлық айы»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13 | **«Балалар кітапханасы жобасы» аясында, «Тәрбие от басынан басталады» «Оқу білім бұлағы, білім өмір шырағы»** | Ақпан айы 2024жыл | Мақал мәтелдер, өлең шумақтарын жатқа айтуы | Ортаңғы,ересек топтардың арасында видео үзінді дайындау. | Әдіскер ортаңғы,ересек топ тәрбиешілері |

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан**

**Наурыз «Ұлттық салт дәтүрді дәріптеу айы»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14 | **«Ізгіліктің бір ісі Алғыс айту»** | Наурыз айы 2024 жыл | 1 Наурыз алғыс айту күні Топтар арасында мерекелік іс шаралар | . Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Меңгеруші Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі |
| 15 | **«Ардақтайық ананы»** | Наурыз айы 2024 жыл | Мерекелік ертеңгілік барлық оптар арасында | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Меңгеруші Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі |
| 16 | **«Әжемнің қол өнері» Әжелер мектебі** | Наурыз айы 2024 жыл | Шеберлік сабақ Барлық топ бойынша әжелер қатысады | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Меңгеруші Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері |
| 17 | **«Қош келдің әз наурыз төрімізге»** | Наурыз айы 2024 жыл | Мерекелік ертеңгілік.Барлық топтар арасында | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі |

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан)**

**Сәуір «Экологиялық мәдениет»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 18 | **«Ғажайып ғарыш» Әжелер мен аналар мектебі** | Сәуір айы 2024 жыл | Қол өнер, сурет көрмесі, **«Ғарышкерлер»** күніне арналған өлең шумақтары | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі |

**Құндылықтар: талап, ар ұят, ұлттық мүдде (отан)**

**Мамыр «Бейбітшлік пен татулық айы»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 19 | **«Достығымыз жарасқан- тату елміз» Қазақыстан халқының бірлігі күні.** | Мамыр айы 2024 жыл | Мерекелік ертеңгілік барлық топтар арасында | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Отан қорғау күні»**<br>«**Біз болашақ сарбаздар»**<br>«**Әкелер мектеб»і** | Мамыр айы 2024 жыл | Ертеңгіліктер<br>Спорттық сайыстар<br>мәдени іс шаралар | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Әдіскер<br>Барлық топ тәрбиешілері<br>Музыка жетекшісі<br>Дене шынықтыру нұсқаушысы |
| 21 | **«Жеңіс күні»**<br>**«Ұлы жеңіс ұрпаққа аманат»** | Мамыр айы 2024 жыл | Барлық топтар арасында тәрбие сағаттары | Қорытындылары мен ұсынылған материалдар | Әдіскер<br>Барлық топ тәрбиешілері<br>Музыка жетекшісі |
| 22 | **«Жайдарлы Жаз келді»**<br>**Жазғы сауықтыру кезеңі** | Мамыр айы 2024 жыл | Жазғы сауықтыру шаралары | Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша педагогтармен педагогиалық кеңес өткізу | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Барлық топ тәрбиешілері<br>Мамандар нұсқаушылар<br>Медбике |